

АҒЫЛШЫН КЕЛІСІМШАРТ ҚҰҚЫҒЫ

Талаптарды Есепке Алу





Кітап: Ағылшын келісімшарт құқығы

Дәріс: Талаптарды Есепке Алу

Дәріс авторы: Байсакалова Мадина

Есепке алу түрлері

i) **Өзара қарыздар.** *А тарабы В тарабына қарсы іс қарауды қозғайтын кезде, өзара борыштарды немесе белгіленген сомаларды есепке алу жүргізілуі мүмкін.* Тиісті сот талқылауы бойынша тараптардың міндеттемелері арасында қандай да бір нақты байланыстың қажеті жоқ. Бұл контексте есептеу шешім шығару кезінде орын алады. Мұндай есептеу нысаны дискрециялық, яғни тараптардың қалауларына байланысты болып табылмайды.

ii) **Қысқарту.** Тауарлардың немесе көрсетілетін қызметтердің бағасына қатысты талаптар өтініш берушінің өз міндеттемелерін тиісінше жеткізбеуіне немесе орындауына байланысты есепке алынуға тиіс. Мұндай есептеу нысаны дискрециялық, яғни тараптардың қалауларына байланысты болып табылмайды.

iii) **Мәміле бойынша немесе әділ есепке алу.** А тарабы В тарабына талап қойғанда (әдетте, белгілі бір сомаға қатысты болса, бірақ міндетті емес), егер В тарабының айқас талабы негізгі талаппен тығыз байланысты болса және кінәсіз тарапқа айқас талапты ескермей мәжбүрлеп төлем жасауға мүмкіндік беретіндей болса, В тарабы талаптарды есепке алуды ұсына алады. Бұл есеп нысаны дискрециялық, тараптардың қалауларына байланысты болып табылады.

iv) **Төлем қабілетсіздігі не банкроттық туралы іс бойынша есепке алу.** Егер А тарабы, яғни кредитор төлемге қабілетсіз болса және А тарабының сенім білдірушісі банкроттық жағдайында болса, немесе таратушы (ликвидациялық) тарап төлемге қабілетті В тарабына қарсы сот ісін қозғаса, онда В тарабы А тарабына қатысты төленетін соманы толығымен есепке алып, өтей алады. Төлем қабілетсіздігіне байланысты есепке алуды тараптар арасындағы өзара келісім бойынша алып тастауға жатпайды.

v) (i)-ден (өзара қарыздар, қысқарту) бастап (iii)-ші (мәміле бойынша немесе әділ есепке алу) санаттағы жағдайларда тараптар өзара келісімдері бойынша есепке алу құқығын алып тастау туралы уағдаласуы мүмкін, бірақ бұл келісім (iv) санаттағы жағдайларға, яғни төлем қабілетсіздігі не банкроттық туралы іс бойынша есепке алу қатысты қолданылмайды.

vi) ii) (қысқарту) және iii) (мәміле бойынша немесе әділ есепке алу) санаттары рейстік чартер бойынша жалдау ақысы бойынша кінәраттарға қолданылмайды.

vii) ii) (қысқарту) және iii) (мәміле бойынша немесе әділ есепке алу) санаттары бойынша есепке алу төлемнің төмендегідей арнайы тәсілдеріне негізделген талаптарға қолданылмайды: аккредитивтер, вексельдер (чектерді қоса алғанда) және тікелей дебет туралы келісімдерге.

viii) салық төлеуші Коронаның қандай да бір салық, баждар немесе айыппұлдар туралы талабына жауап ретінде есепке алу туралы талап қоя алмайды.



Есеп алудың негізгі мақсаты – талапты азайту (тіпті өтеу) болып табылады. Мысалы, егер талапкер 7000 фунт стерлинг сомасына талап қойса, ал жауапкер осы талапкерге 3000 фунт стерлинг сомасына талап қойса, есепке алынған жағдайда қорғау жауапкерге сот шешімінің сомасын айырма көлеміне дейін азайтуға мүмкіндік береді, яғни 4000 фунт стерлинг. Азаматтық сот ісін жүргізу қағидалары бұрын болған заңды/ережені сақтайды. Есепке алудың төрт негізгі түрі туындауы мүмкін. Оған дәлел ретінде Ханактың Гринге қарсы ісінде судья Морристың айтқанын қарауға болады.

Қысқарту және әділ есепке алу бірлесіп «транзакциялық» есептеу нысаны ретінде сипатталуы мүмкін. Тараптар арасындағы өзара борыштарды реттеуден айырмашылығы, есептеудің транзакциялық нысаны талап пен қорғау арасындағы берік нақты байланысқа негізделген.

(i) **тұжырымға қатысты. Өзара қарыздар.** Мұндай есеп сол бір тараптар арасындағы өзара берешекті реттеуге қатысты. Ол 1729 және 1735 заңнамаларға негізделген және есепке алудың ең ескі түрі, бұл «бір-біріне байланысты емес және тәуелсіз өзара талаптардың есебі» болып табылады. Мысалы, В тарабы жинақталған несие бойынша 10 000 фунт стерлинг қарыз. А тарабы несие келісіміне мүлдем байланысты емес келісімшарт бойынша төленетін «жойылған шығындар» бойынша 4000 фунт стерлинг қарыз. А тарабы В тарабына қарсы 10000 фунт стерлингке тең талап қойып сотқа жүгінеді. В тарабы осы негізгі талаптарға қарсы 4000 фунт стерлинг есептеуі мүмкін; сот шешімі бойынша А тарабына қатысты өндірілетін сома 6000 фунт стерлинг болады. Өтініш беруші негізгі талаптан туындайтын негізгі соманы белгілеуі қажет. Қарыздарға немесе жауапкерге тиесілі басқа да сомаларға қатысты тәуелсіз есепке алу жүзеге асырылады,



Кітап: Ағылшын келісімшарт құқығы

Дәріс: Талаптарды Есепке Алу

Дәріс авторы: Байсакалова Мадина

егер олар өтініш берілген күнге дейін немесе сол күні белгілен және нақты болған жағдайда (яғни «істі баяндау» аяқталғаннан кейін). Апелляциялық сот 1994 жылғы шешімі бойынша егер жауапкер (В) талап ететін сома тараптар арасындағы даудың мәні болғандықтан әлі дәл анықталмаса, ондай кезде де тәуелсіз есепке алу қолдануға болады деп қаулы етті.

Бұл жағдайда В тарабының талап-арызы «жойылды»; яғни бұл белгілі бір ақша сомасы және қарыздан туындаған міндеттеме, яғни шығындарды өтеу туралы ескертулер немесе quantum meruit/valebat талаптары болып табылады. Тәуелсіз есепке алу сот шешімі шығарылғанға дейін тараптардың материалдық құқықтарын қозғамайды және бұл мағынада есепке алудың бұл түрі «процессуалдық» болып табылады. Оған мысал ретінде, 2010 жылы қаралған Фернстың Пэйт және Кемикал Англо-голландық компаниясына қарсы ісін қарастырып талдауға болады. Керісінше, банкроттық және есепке алудың транзакциялық нысандар бойынша тараптардың құқықтары (уақытша) сот шешімін күтпестен қозғалады.

(ii) **тұжырымға қатысты. Қысқарту** («мәміле бойынша есепке алу І»). Жалпы құқық бойынша талапкер жеткізілген тауардың немесе орындалған жұмыстың бағасы туралы талап қойған жағдайда, жауапкер тауар немесе жұмыс құнының азаюын ескере отырып (мысалы, қызмет көрсету және мердігерлік шарты бойынша, құрылыс мердігерлігі шарты бойынша) соманы кемітуі мүмкін. Осылайша, тауарларды немесе қызметтерді алушы өтініш берушінің өз міндеттемелерін тиісінше орындамауына байланысты шығын бағасының есебіне жатқызылуы мүмкін. Жалпы құқық нормаларының бұл жинағы ішінара Тауарларды сатып алу-сату туралы 1979 жылғы заңында (Sale of Goods Act 1979) кодификацияланған. Осылайша, негізгі талап «қысқартуға» ұшырайды. Лорд Диплок 1974 жылы қаралған Гилбер Эш компаниясының Модерн Инжиниринг компаниясына қарсы ісінде осы доктринаның айқын түйіндемесін ұсынды. Алайда қысқарту теңіз және құрлықтағы жүктерді тасымалдау істері бойынша талапты азайту немесе тоқтату үшін негіз бола алмайды.

(iii) **тұжырымға қатысты. Әділ есепке алу** («мәміле бойынша есепке алу»). Бұл жеке құқық ретінде қарастырылмаған, дегенмен тараптардың қалауы бойынша іске асырылуы мүмкін. Мысалы, 2010 жылы қарастырылған Geldorf Metaalconstructie NV компаниясының Simon Carves компаниясына қарсы ісі бойынша апелляциялық сот «талап пен болжамды есеп талапкердің талаптарымен тығыз байланысты болуы тиіс, бұл айқас талапты ескермей, оған мәжбүрлеп төлем жасауға мүмкіндік



беру әділетсіз болар еді» деп қаулы етті. Бұл шешім қазір беделді болып табылады. Осы негіздегі есепке алу 1997 жылы қарастырылған Esso Petroleum Co Ltd компаниясының Милтонға қарсы ісінде қолданылмаған болатын. Бұл жағдайда негізгі талап бензинді жеткізуге қатысты болса, ал айқас наразылық жеткізушінің эксклюзивті келісімді бұзуына қатысты болды. Сот соңғысының төлем жасамауы төлем туралы талапқа толық түрде қатысты емес және осы екі талаптың сол бір ауқымды мәміленің нәтижесінде пайда болғаны жеткіліксіз деп қаулы етті.

Бірақ 1995 жылы қаралған Эллердің Grovecrest Investments Ltd компаниясына қарсы ісі бойынша апелляциялық сот жалға берушінің өз көмегімен (соттан тыс) жалдау ақысын бөлуге қатысты есепке алуды мойындады. Жалға алушы жалға берушінің зиян келтіріп үй-жайды тыныш пайдалануды қамтамасыз ету бойынша өз келісімін бұзды деп шағымданды. Сот жалға алушының айқас талабын жалға берушінің жалдау ақысын төлемеу туралы талабымен бірге қарастыру дұрыс емес деп тапты. Өйткені, жалға беруші материалдық талап қойып отыр, сонымен бірге жалға алушының талабы материалдық емес және соттан тыс құқықтық қорғау құралын пайдалануды көздейді деп шешті.

Тағы бір мысал бойынша, Маскаттың Смитке (2003 жыл) қарсы ісінде жалға берушінің талап-арызы бойынша қойылған талабы жалға берушінің (бұрынғы жалдаушымен) үйді жөндеуге қабілетсіздігінен байланысты есепке алынды.

(iv) **тұжырымға қатысты. Төлем қабілетсіздігі не банкроттық туралы іс бойынша есепке алу.** Егер А тарабы, яғни кредитор төлемге қабілетсіз болса және А тарабының сенім білдірушісі банкроттық жағдайында болса, немесе таратушы (ликвидациялық) тарап төлемге қабілетті В тарабына қарсы сот ісін қозғаса, онда В тарабы А тарабына қатысты төленетін соманы толығымен есепке алып, өтей алады. Керісінше, егер В тарабы А тарабына 3 миллион фунт стерлинг қарыз болса, және А тарабы (таратылатын тарап) В тарабына 1 миллион фунт стерлинг қарыз болса, ол үшін В тарабы дәлелдеуі мүмкін заңда



Кітап: Ағылшын келісімшарт құқығы

Дәріс: Талаптарды Есепке Алу

Дәріс авторы: Байсакалова Мадина

белгіленген баланс 2 миллион фунт стерлинг, осы сомалар арасындағы айырмашылық өтеледі. Кез келген жағдайда төлем қабілетсіздігін есепке алу нысаны төлемге қабілетті тарапқа А-дан есепке алу есебінен алуға мүмкіндік береді, керісінше жағдайда сенімді басқарушыға немесе таратушыға тікелей талап шеңберінде алар еді. Бұл қаражат бөлу рәгі passu төлем қабілетсіздігінің әдеттегі режимінен ерекшелік, бірақ ағылшын ұстанымы барлық шетелдік юрисдикцияларда сақталмайды.

(v) **тұжырымға қатысты. Консенсус негізінде есептен шығару.** Тараптар өз мәмілелерінен дербес (заңмен белгіленген) есепке алу немесе транзакциялық есепке алу болсын, есепке алудың болжамды құқығын алып тастау туралы уағдаласуы мүмкін. Мысалы 2011 жылы қаралған Campbell Martin Ltd компаниясының AXA Sun Life Services plc компаниясына қарсы ісі бойынша апелляциялық сот мәміленің А тарабының пайдасына есепке алуға құқық беретін немесе сақтайтын, бірақ В тарабының пайдасына есепке алуға өзара құқықты болдырмайтын ереже Шарттың әділетсіз талаптары туралы 1977 жылғы заңына (Unfair Contract Terms Act 1977) сәйкес негізсіз болып табылады деп қаулы етті (бұл ереже жазбаша стандартты талаптар ретінде негізгі несие беруші енгізілді) және бұл 1977 жылғы заң талаптарына сәйкес ақылға қонымды болғаны көрсетілмеген. Төлем қабілетсіздігі не банкроттық туралы іс бойынша есепке алуды уағдаластық бойынша алып тастауға болмайды.



(vi) **тұжырымға қатысты. Жүктерді тасымалдау шарттары бойынша төлемдерге қатысты арнайы ереже.** Жүктерді тасымалдау жағдайында рейстік чартер бойынша «фрактаны» төлеуді тасымалдаушы чартерлік рейсті орындау кезінде (бірақ тайм-чартерлік рейстерге қатысты есепке алуға рұқсат етіледі) жүкке келтірілген болжамды залал туралы мәлімдеу жолымен азайтуға болмайды. Бұл сақтандыру туралы уағдаластықты бұзбау үшін сақталған теңіз жалдау ақысының ережесі халықаралық автомобиль және темір жол тасымалдарын қоса алғанда, құрлықтағы жүк тасымалдарына қатысты қолданылады.

(vii) **тұжырымға қатысты. Аккредитивтер, чектер, вексельдер және тікелей дебет туралы келісімдер.** Олардың әрқайсысы бизнес-қоғамдастық қолма-қол ақшаның баламасы ретінде қарастырылады:

«Халықаралық саудада қолма-қол ақшаның баламасы ретінде қаралатын вексельдің тікелей тараптары арасындағы қатынастарда жауапкердің белгілі бір мәміленің нәтижесінде туындайтын шектелмеген залалды өтеу туралы қарсы талап-арыз болуы мүмкін фактісі вексель бойынша талап-арыздан ешқандай қорғау жасамайды және оған вексельдер бойынша іс жүргізу туралы талап-арыз бойынша сот шешімін орындауды тоқтата тұру негіз бола алмайды».

Занды құқығынсыз чекпен тікелей дебеттеудің күшін жою, сондықтан келісім сақталуға тиіс, ал өтелмеген соманы есепке алу кредитордың алаяқтығы немесе төлем қабілетсіздігі болмағанда мүмкін емес. Алайда, болжамдалып отырған есеп жойылатын жерде ол вексельдерге, сондай-ақ аккредитивтерге (болжамдалғандай, тікелей Дебет механизмдеріне) қатысты болуы мүмкін.

Мысалы, 2011 жылы қарастырылған Simon Carves Ltd компаниясының Ensus UK Ltd компаниясына қарсы ісінде, судья Akenhead J айтуынша соттар Банктің аккредитивтік бенефициарына немесе орындау облигацияларының төлеміне еш қатысы жоқ екенін атап өтті. Бірақ ол банк бенефициардың ақы төлеуге жалған немесе өзге де жосықсыз талапты ұсынатынын түсінген немесе оған анық болуы тиіс «алаяқтықтың» алып тасталуын атап өтті. Және бенефициардың орындау облигациялары бойынша талабы облигация жеткізушісі (банктен айырмашылығы) мен бенефициар арасында (Akenhead J ескертулерін қараңыз) белгіленген шартты шектеуді айқын бұзғанда (мысалы, жарамды талаптың алдындағы талаптарды орындамау) тағы бір ерекшелік бар.

Қолданылған әдебиеттер:

Andrews on Civil Processes (Cambridge, 2013), vol 1: Court Proceedings, 7.05 to 7.45; Derham on the Law of Set-off (4th edn, Oxford, 2010); G McMeel, The Construction of Contracts: Interpretation, Implication and Rectification (2nd edn, Oxford, 2011), 23.57 ff; JD Heydon, MJ Leeming, PG Turner (eds), Meagher, Gummow and Lehane's Equity: Doctrines and Remedies (5th edn, Sydney, 2014), Part 7(4); P Pichonnaz and L Gullifer, Set-off in Arbitration and Commercial Transactions (Oxford, 2014)